



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ 330-Ө « 22 » 12.2021ж.

Орал қаласы

город Уральск

**Қала мектептері Қамқоршылық кеңесінің
құрамдарына өзгерістер енгізу туралы**

«Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 сәуірдегі №123 бұйрығының 6-тармағына, қала мектептерінен түскен сұраныстарға сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қамқоршылық кеңеске мүше болуға үміткерлердің жазбаша келісімдеріне сәйкес алынған ұсыныстардың негізінде «Білім беру бөлімінің 4.10.2019ж. №206-ө «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 15.01.2021ж. №7-ө бұйрығының №1, 2, 6, 7, 8, 9, 10, 12, 17, 18, 21, 22, 29, 30, 34, 36, 38, 39, 40, 43, 46, 47, 48, 50 қосымшалары жаңа редакцияда берілсін.
2. БҚО әкімдігінің 15.10.2021ж. №207 «БҚО әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің №31 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-сін тарату туралы қаулысына сәйкес 15.01.2021ж. №7-ө бұйрығының №27 қосымшасы жойылсын.
3. Мектеп басшылары білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына сәйкес қамқоршылық кеңес жұмысының ұйымдастырылуын бақылауға алысын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының орынбасары А.Даумоваға жүктелсін.

Бөлім басшысы

А.Темирханова